## Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалауды жүзеге асыру жөніндегі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлеудің жоспарын бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 1 шілдедегі N 1040. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасында азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалауды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалауды жүзеге асыру жөніндегі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлеудің қоса беріліп отырған Жоспары бекітілсін.

2. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге орталық атқарушы органдар Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалауды жүзеге асыру жөніндегі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу жоспарының уақытында орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы 19 наурыздағы N 70 өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалау жөніндегі шаралардың күнтізбелік жоспарының күші жойылған деп танылсын.

4. Осы қаулының атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қазақстан Республикасының Қаржы министрі А.С.Павловқа жүктелсін.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 1 шілдедегі N 1040 қаулысымен бекітілген

## Қазақстан Республикасында азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалауды жүзеге асыру жөніндегі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлеудің жоспары

| N | Нормативтік құқықтық акт | Атқарушы | Атқарылу мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Еңбекәлеуметқор. ғаумині, Қаржымині, Экономсаудамині, Ұлттықбанк (келісім бойынша), Әділетмині | 1997 жылдың шілдесі |
| 2 | "Мемлекеттік жинақтаушы зейнет. ақы қоры туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Еңбекәлеумет. қорғаумині, Әділетмині, Қаржымині, Экономсаудамині, Ұлттықбанк (келісім бойынша) | 1997 жылдың қыркүйегі |
| 3 | Зейнетақы активтерін инвестиция. лық басқару жөніндегі қызметті лицензиялаудың тәртібі | БҚҰҚ, Әділетмині | 1997 жылдың тамызы |
| 4 | Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының зейнетақы актив. терін басқару жөніндегі компа. нияларға арналған пруденциалдық нормативтер туралы ережесі | БҚҰҚ, Әділетмині, Еңбекәлеумет. қорғаумині, Ұлттықбанк (келісім бойынша) | _"_ |
| 5 | "Міндетті зейнетақы жарналарын ұстаудың және оны төлеудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Еңбекәлеуметқор. ғаумині, Әділет. мині, Қаржымині, Экономмині, | 1997 жылдың қарашасы |
| 6 | "Мемлекеттік зейнетақы төлеу жөніндегі орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындаудың және төлеудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Еңбекәлеумет. қорғаумині, Қаржымині, Әділетмині, Экономсаудамині | 1997 жылдың қарашасы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7 | "Маусымдық жұмыстар мен өнеркәсiптiң маусымдық салаларының тiзiмiн, сот-медицина сараптау мекемелерiн. дегi және емдеу мекемелерiнiң патология-анатомиялық бөлiм. шелерiндегi стажды жеңiлдiктi есептеуге арналған жұмыстардың тiзбесiн бекiту туралы" Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң қаулысы | Еңбекәлеумет. қорғаумині, Әдiлетминi | _"_ |
| 8 | Мемлекеттiк зейнетақы төлеу жөнiндегi орталықтан төленетiн зейнетақы төлемдерiн индекстеудiң тәртiбi | Еңбекәлеумет. қорғаумині, Ұлттықбанк (келiсiм бойынша), Қаржыминi, Экономсаудаминi, Әдiлетминi | 1997 жылдың желтоқсаны |
| 9 | Зейнетақы активтерiн басқару жөнiндегi компаниялардың қаржылық және статистикалық есеп беруiнiң нысаны | БҚҰК, Экономсаудаминi. нiң ұлтстатагент. тiгi | 1997 жылдың тамызы |
| 10 | "Мемлекеттiк зейнетақы төлеу жөнiндегi орталықтан төленетiн зейнетақы төлемдерiн есептеу үшiн енгiзiлетiн табыстардың тiзбесiн бекiту туралы" Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң қаулысы | Қаржыминi Экономсаудаминi, Әдiлетминi | 1997 жылдың қарашасы |
| 11 | Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөнiндегi ұлттық комиссиясының зейнетақы активтерiн басқару жөнiндегi компаниялардың инвестициялық қызметi туралы ережесi | БҚҰК | 1997 жылдың тамызы |
| 12 | "Әскери қызметшiлерге, iшкi iстер органдарының және Мемлекеттiк тергеу комитетiнiң қызметкерлерiне еңбек сiңiрген жылдарын есептеудiң тәртiбiн бекiту туралы" Қазақстан | Қорғанысминi, Iшкiiсминi, МТК (келiсiм бойынша), ҰҚК (келiсiм бойынша), Республикалық | 1997 жылдың желтоқсаны |

Республикасы Үкіметінің қаулысы гвардия (келісім бойынша),
Президенттің
Күзет қызметі
(келісім бойынша),
Еңбекәлеумет.
қорғаумині,
Қаржымині,

Әділетмині

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК